

## ТОЛЫҚ АДАМ МӘСЕЛЕСІ\*

<sup>1</sup>*Сағиқызы Аяжан, <sup>2</sup>Қоңырбаева Күлсия Мағражқызы,*<sup>3</sup>*Оралбек Қанат*<sup>1,2</sup>*ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты  
(Алматы, Қазақстан)*<sup>3</sup>*С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті  
(Өскемен, Қазақстан)*<sup>1</sup>*Sagikyzy Ayazhan, <sup>2</sup>Konymbayeva Kulsiya, <sup>3</sup>Oralbek Kanat*<sup>1,2</sup>*Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies  
of the CS MSHE RK (Almaty, Kazakhstan)*<sup>3</sup>*S. Amanzholov East Kazakhstan University (Oskemen, Kazakhstan)*

**Аңдатпа.** Мақала адам болмысының кемелденуі мәселесіне арналған. Адам көп деңгейлі және сан қырлы. Толық адам – бөлшектелген адамның қарама қарсылығы. Мұндай адам, адамның адамдық мәні атрибуттарының толықтығын жоғалтуына әкелетін заттық іс-әрекеттің әлеуметтік бөлінуі нәтижесінде пайда болатын адам деп түсіндіріледі. Адам болмысы үш негізгі түрге бөлінеді – индивид, индивидуалдылық және тұлға. Олардың әрқайсысы бір нәрсеге негізделеді. Жеке адамның қалыптасуы абстрактілі бүкілжалпылыққа ие, соның нәтижесінде ол басқа адамдардан көп ерекшеленбейді және бәрімен бірдей боп көрінеді. Адамның индивидуалдылығы, керісінше, кез-келген нәрседі көрінуі мүмкін ерекшелікке жеткізетін абстрактілі бірлікке негізделеді. Соның нәтижесінде индивидуалдылық оң да, теріс те болуы мүмкін. Өз негізінде тұлға абстрактілі бүкілжалпылық пен абстрактілі жалқылықтың синтезі ретінде нақты түрде ерекшеленеді. Тұлға әрқашан бүтін, толық адам ретінде өмір сүреді, бөлшектенген тұлға болмайды. Сонымен бірге, адамзат тарихының алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауынан кейін басталған және қазіргі уақытта жалғасып жатқан кезеңінде адам тұлға ретінде тек адамның жетекші атрибуттарының синтезін қамтиды. Әр адамды толығымен біртұтас тұлғаға айналдыру тек жаттанудан арылу және оны жою нәтижесінде мүмкін болады, оның болашағы әзірше өте күрделі.

**Кілт сөздер:** толық адам, бөлшектенген адам, индивид, индивидуалдылық, тұлға, іс-әрекет, іс-әрекеттің бөлінуі, жаттану, әлеуметтік рөл, этика, дін, еркіндік.

*Kіріспе*

Қазіргі әділетті қазақстандық қоғам құру кезеңінде адамның болмысы, оның сапасы ең басты мәселе болып табылады. Индивид, индивидуалдылық, тұлғаның тектік анықтамаларын түсіндірудің

Тұлға. Адам өмірінің құндылықтары және руханилық

\* Мақала №BR20280977 "Қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайындағы әділеттілік мазмұнына және оны қазақстандық қоғамда іске асырудағы заманауи концептуалды тәсілдер" іргелі ғылыми зерттеулер жобасы ауқымында орындалды.

өзектілігі артуда. Толық адам мәселесі кеңестік философияда 1960-жылдардан бастап талқылана бастады. Посткеңестік шындықта оның өзектілігі қаншалықты артқандығына қарамастан, посткеңестік философияда ол кең ауқымда талқыланбады. Толық адам ұғымы – бұл капиталистік қоғамдық формациямен атрибутталып, мүлдем жаттанған, бөлшектелген адам ұғымына қарсы антитеза. Кеңестік шындықта да жаттану жүріп жатты, бірақ оның өзіндік ерекшелігі болды. Толық адам мәселесін қайта талдап, қазіргі жағдайда ондай адам болуы мүмкін бе, және ол қандай орынға ие болады деген мәселені анықтау міндеті өзекті тақырыпқа айналды десек, қателеспейміз.

### **Әдіснама**

Мақалада адамның бөлшектенуіндегі адам әрекеті мәселесіне арналған әлемдік деңгейдегі еңбектер әдіснамалық рөл атқарады. Классикалық диалектикалық әдіснамалар қолданылды. Бүгін мен бөлік, сәйкестік пен ерекшелік категориялары, нақтылық қағидаты, тарихилық қағидаты және басқа бірқатар қағидаттар қолданылды. Сонымен қатар дара, ерекшелік және жалпы, бүгін және бөлік қатарлы категориялардың өзара байланысына ерекше назар аударылды.

### **Адам болмысының тәсілі**

Бөлшектелген адам (Teil mensch) ұғымын К. Маркс капиталистік қоғамдық формацияның материалдық өндіріс саласын зерттеу барысында жасады. 1844 жылы өзіне дейінгі экономистердің еңбектерін талдай келе (соңынан оларды классикалық және саяси экономиканың өкілдеріне бөлді) ол жаттану мәселесіне тоқталады. Жаттану мәселесімен оған дейін Гегель мен Фейербах айналысқаны белгілі. Бірақ Гегель жаттануды Абсолюттік идеяның өзінің басқа болмысының түріне өтуі деп түсіндіреді.

Гегель, Кант, Фихте және Шеллинг сияқты, адам мәнін ойлаумен байланыстырды, оның іс-әрекетін ой кешу деп түсінді. Сондықтан ол еңбекті де ойлау тұрғысынан қарастырады. Маркс бұл жөнінде: «Гегель, бір ғана еңбектің түрін, рухани абстрактілі еңбекті ғана білді және мойындады», – деп жазды [1, 159 б.]. *Адамдық мән, адам* Гегель үшін өзін-өзі танумен тең. Сондықтан ол үшін адам мәнінің кез келген жаттануы, өзіндік сананың жаттануы болып табылады. Өзіндік сананың жаттануы, адам мәнінің білім мен ойлауда көрініс беруінің сипаттамасы түрінде қарастырылмайды, ол – адам мәнінің нақты жаттануы [1, 160 б.]. Гегель – И.Кант негізін қалаған классикалық неміс философиясының соңғы өкілі. Кант болса И.Г. Фихте, Ф.В.Й. Шеллинг және Гегель әрі қарай өрбіткен трансцендентальді идеализмнің негізін қалады. К.Маркстің пайымдауынша: «Фихте Кантпен түйіседі, Шеллинг Фихтемен, Гегель Шеллингпен, дегенмен Фихте де, Шеллинг те, Гегель де Канттың жал-

пы негізін, тіптен идеализмді мүлде зерттемеді, әйтпесе олар оны әрі қарай өрбіте алмас еді» [2, 209 б.].

К. Маркс Л. Фейербахтың негізгі шығармаларымен, солардың ішінде жаттану концепциясымен танысқаннан кейін, экономистердің еңбектерін зерделеуді бастайды. Ол гуманистік сындардың тек Фейербахтан басталатындығына көз жеткізеді. Фейербах дінді адамның өзіндік мәнінен жаттануы деп түсіндіреді. Фейербахтың ойынша: «Дін, христиандық – адамның өз өзіне қатынасы, немесе ол басқа бір мәнде қарастыратын өз болмысына қатынасы» [3, 34 б.]. Ол спекулятивті философияны (алдымен гегельдік) дінмен абстрактілі түрде теңестіреді, осылайша жаттанудың түрі ретінде қарастырады. Фейербахтың бұл ойын Маркс те құптайды. Ол өзінің 1844-жылы жазған еңбегінде: «Фейербах – Гегель диалектикасына нағыз сыни көзқарастағы бірден-бір ойшыл екендігін байқаймыз; тек ол ғана осы салада нағыз жаңалық ашты және ескі философияны нақты түрде ығыстырды», – деп атап көрсетеді [1, 154 б.]. Алайда келесі 1845-жылы, ол Фейербах философиясына деген көзқарасын өзі жазған заттық іс-әрекет қағидаты негізіне сүйене отырып өзгертеді.

Маркс өзінің қойын дәптеріне Ф. Энгельспен біріге «Неміс идеологиясында» ашып көрсетуді ойластырып жүрген 11 тезисін жазғаны белгілі. Осы сәттен бастап Маркс үшін идеализм ғана емес, фейербахтық материализм де жарамсыз болды. «Алдыңғы материалистердің (солардың ішінде фейербахтықты да қоса) басты кемшілігі – зат, шындық, сезімділік адамның сезімдік іс-әрекеті, практика, субъективті түрде емес, тек қана объект, немесе пайымдау түрінде алынады» деп айтылған қойын кітапшада [4, 261 б.]. Әрине, 1960-жылдардан бастап кеңестік философияда жасалған заттық іс-әрекет қағидаты «субъективті» деп қарастырылған, шын мәнінде ол «субъектілі» болуы керек еді, өйткені субъективтілік – тек адам болмысының деңгейі ғана. Бірақ Маркстің кезінде мұндай термин болған жоқ.

Маркстің заттық іс-әрекет қағидатын әрі қарай дамытуда көп еңбек сіңірген Г. С. Батищевтің түсіндіруі бойынша: «Адам әлемді өзінің іс-әрекетінің формасы ауқымында игереді, алайда бұл – тіптен сана мен ырық әрекеттеріне имманентті емес, бұл әрекеттерден тәуелсіз іс-әрекеттің реалды және идеалды өзгертуші түрі». Субъектіні сана мен ырық субъектісі деп қана есептеуге болмайды, онымен бірге ол, барлық қоғамдық адамның мәдени әлемін, адам шындығын құрайтын, іс-әрекеттің субъектісі. Іс-әрекет бүкіл осы шындықтың «болмысының тәсілі», ол субъективтілік феноменімен ғана шектеліп қалған процесс емес [5, 200 б.]. Маркстің пікірінше, іс-әрекет – адам болмысының тәсілі. Ол табиғатты игеріп, өзгерте отырып, оны игере келе өз әлеміндегі қоғамды және мәдениеттерді жасайды. Сондықтан адам әрбір тарихи кезеңде «көз алдына тарихи табиғат пен табиғи тарихты елестетеді...» [6, 23 б.] Ал пайымдық көзқарастағы Л. Фейербах табиғат

барлық уақытта қандай болса, қазір де сондай деп байыптайды. Бірақ «адамзат тарихына дейінгі табиғат – ол Фейербах өмір сүрген кезеңдегі табиғат емес; бұл табиғат австралиялық маржан аралдарынан басқа еш жерде жоқ, ал олай болса Фейербах үшін де болмайды» [6, 24 б.].

Заттық іс-әрекет қағидатына сүйенген Маркстің пайымдауынша: «Индивидтер әрқашан өздері арқылы өлшеген, солай өлшейді. Олардың қатынастары өздерінің өмірлік қатынастарының процесі болып табылады. Олардың қатынастары қалайша олардан тыс, оларға қарсы қатынасқа айналды? Қалайша олардың өз өмірлерінің қуат-күштері оларға үстемдік ететін күштерге айналды?».

Бір сөзбен жауап беретін болсақ: ол *еңбек бөлінісінен*, сол сәтте өндіргіш күштердің дамуына тәуелді деңгейден» [6, 76 б.]. Осылайша, Маркс жаттану құбылысын еңбектің бөлінуі процесімен түсіндіреді. Маркстің еңбек туралы жазатын себебі, ол, біріншіден, материалдық өндіріс саласында тарихи тұрғыда іс-әрекеттің түрі ретінде барлығы еңбек бөлінісінен басталды деп есептеген, ал екіншіден, ол материалдық өндірістің капиталистік ұйымдасқан саласымен айналыса бастайды. Ескере кететін жәйт, Маркс іс-әрекет пен еңбектің арасын әрдайым ажыратып отырған.

Іс-әрекет тарихи-элеуметтік тіршілік иесі ретіндегі адам болмысының тәсілі болғандықтан, оның бөлінуі сонымен қоса адамның өзінің бөлінуі болып табылады. Материалдық өндіріс саласындағы еңбектің іс-әрекет – құрал ретіндегі бөлінісі, Маркс атап өткендей, жұмысшыны кейіпсіздейді: «Жеке адамдар арасында жұмыстың бір ғана бөлігі бөлшектелмейді, сол жеке адамдардың өздері де бөлініп, осы бөлік жұмыстың автоматты түрдегі құралына айналады...» [7, 373 б.]. Демек, еңбек бөлінісі (және сондай-ақ іс-әрекет) сонымен қатар адамның өзінің бөлінуі (бұл жерде жалдамалы жұмысшы ретіндегі адам) өзінің адами, мәдени-элеуметтік мәнділігінде бөлшектелген адамға айналады. Өйткені ол өзінің өмірінде заттық іс-әрекетінің атрибуттарын толықтай жүзеге асыра алмайды, тек кейбіреулерін ғана жүзеге асырады, мысалы, мақсатты орындауды ғана, ал оның әрекеттерінің мақсаты оған сырттан таңылады.

Демек, іс-әрекеттің бөлінуі дегеніміз әр адамның өз іс-әрекетінің маңызды анықтамаларының толықтығын жоғалтуы, яғни ол өзінің жеке адами мәнінің толықтығын жоғалтуын білдіреді. Сонымен қатар, іс-әрекеттің бөлінуі жеке адамның жетіспейтін атрибуттарын ресми түрде толықтыратын, көптеген мүлдем мағынасыз рөлдер мен функцияларды тудырады. Бұл жағдайда Батыс элеуметтануында бір кездері тұлғаның рөлдік теориясы қалыптасты, оған сәйкес адам неғұрлым көп элеуметтік рөлдерді атқарса, ол соғұрлым бай адамға айналады. Шын мәнінде, бұл мүлдем жалған теория. Жаттану жағдайын сыни және теориялық тұрғыдан жаңғырпайтын, бұл, жоғарыда айтылғандай, бөлінуге ұшыраған және оған ұшырауы керек адам әрекетінің өмір сүру тәсілі.

### Адамның өмір сүруінің модустары

Адамның өмір сүруі үш түрлі модусқа бөлінеді – индивид, индивидуалдылық, тұлға. Адам индивид ретінде өз тіршілігінде абстрактілі бүкіл жалпылық атрибутын жүзеге асырады. Бұл, сырттай қарағанда барлық индивидтер бір-біріне сәйкес емес, алайда өздерінің мәні тұрғысынан олар *бірегей*; олардың әрқайсысы басқа индивидтер сияқты дегенді білдіреді. Ал индивидтің қарама-қарсылығы индивидуалдылық болып табылады. Индивидуалдылық абстрактілі жекеліктен, тіптен ерекшеліктен тұрады. Ол әрине, оны индивидпен және тұлғамен тұтастандыратын жалпылыққа да ие, бірақ бұл ол жерде екінші орында. Бірінші кезекте оның бәрінен өзгешелігі тұрады. Нақты осының өзі индивидуалдылықтың конститутивті элементі болып табылады. Индивидуалдылық өзінің айрықшалығына берік, ол қандай ерекшелік болса да, оны дәріптейді. Бұл әсіресе шығармашылықпен айналысатын мамандарға (суретшілер, ақындар, актерлер) тән, кез келген әдет, кез келген мінез-құлық, кез келген қыңырлық және т.б. бір сөзбен айтқанда: шалыс субъективтіліктің кез келген көрінісін дарын иесінің атрибуты ретінде тіптен данышпандық деп құрметтейді. Осыған байланысты даралық тек оң ғана емес, көбінесе теріс атрибутикаға да ие. Адамзат тарихында ондайлар да, басқалары да көп болған.

Тұлға ретіндегі адамда бастапқы және конституитивті шақтар *нақты жалпылық* болып табылады. Тұлға басқаға сәйкес те емес, басқалардан өзгеше де емес. Тұлға ретіндегі адамда тек оң қасиетке ие индивид те, индивидуалдылық та болады. Сондықтан тұлғаға көпшілік арасына сіңіп кету де, өзін оған қарама-қарсы қоюға ұмтылыс та тән емес. Тұлға – адамның өмір сүруінің анағұрлым жетілген түрі. А. С. Арсеньев атап өткендей: *«тұлға өзінің адами болмысында органикалық рухани иерархияда осы даралық векторы жоқ кез келген адамнан жоғары тұрады, бұл даралық қаншалықты жарқын, күшті және қандай қабілеттерге ие болса да»* [8, 310 б.]. Ал Н. А. Бердяевтің пікірінше: «Ешбір адам өзі туралы, мен толықтай тұлғамын деп айта алмайды» [9, с. 13]. Бұл жайлы егер ол соған тұрарлық болса, басқалар айтады.

Әрбір адам өзінің онтогенетикалық дамуында үш кезеңнен өтуге тиіс – индивидтік кезеңі, индивидуалдылық кезеңі және тұлғалық кезең. Осымен оның дамуы аяқталады, және содан соң *шексіз жетілуі* басталады [10, 202 б.]. Нақты тұлғаға арналған К.Маркстің: «Мұнда адам өзін тек қандай да бір анықталған түрде жаңғыртпайды, бірақ өзін өзінің тұтастығында жасайды, ол түпкілікті орныққан нәрсе болып қалуға тырыспайды, бірақ қалыптасудың абсолютті қозғалысында болады» [11, 476 б.] деген пікірі дәл айтылғандығын көреміз.

Адамның тұлға ретіндегі маңызды атрибуты еркіндік, шығармашылық және руханилық. Еркіндік мәселесіне назар аударайық. Көптеген философтар

еркіндікті екі түрге бөлетіні белгілі – «...бір нәрседен еркіндік» «... бір нәрсе үшін еркіндік», алғашқысын теріс еркіндік, екіншісін оң деп есептейді. «...бір нәрседен еркіндік» шынымен де теріс, яғни іс жүзінде еркін емес. Өйткені ол өзіне өзі негізделмеген, ол бір нәрседен азат болғысы келеді. Сондықтан ол үнемі осы теріс нәрсемен немесе біреумен байланыста бола алмайды, оның бар екенін болжайды, сондықтан оған тәуелді. Демек бұл тіптен еркіндік емес, бар болғаны еркіндікпен жасырылған тәуелділіктің түрі ғана. «...бір нәрсе үшін еркіндік» жағдайында адам өзін еріксіздіктен, яғни тәуелділіктен (оған солай көрінеді) бас тартқан бір нәрсеге немесе біреуге толығымен арнайды. Бірақ кез келген бірдене, және де әлдекім анықталған, соңғы, тұйықталған болады. Бұл жағдайда адам өзін іс жүзінде осы бірденеге немесе әлдекімге таңады, және демек оған бағынышты, егер адамды осы бірдене әлдекімнен айырса, ол дереу еріксіз болып шыға келеді. Ендеше, бұндай еркіндік «... бір нәрседен еркіндікке» дәйекті балама емес. Демек, ол алдамшы еркіндік, ал шын мәнінде сол жалған еркіндіктің бір түрі, басқа ештеңе емес. Шын мәніндегі еркіндік осы екі түрлі «еркіндіктің» арғы бетіндегі баламасы.

Гегель өзінің «Рух феноменологиясында» құл мен қожайынның диалектикасын ашып көрсетеді. Бұл туралы Н. А. Бердяев: «Қожайын мен құл өзара байланысты, олар бір-бірінен өмір сүре алмайды. Ерікті өзімен өзі өмір сүре алады, ол өзіне қарама-қарсымен байланыссыз өзіндік сапаға ие» [9, 35 б.], – дейді. Н. А. Бердяевтің құл мен қожайынға қатысты ойлары құптарлық. Дегенмен еркін адамға қатысты (тек қана тұлға ғана сондай бола алады) айтқаны күмәнді. Өйткені адам – әлеуметтік тіршілік иесі, демек ол өз еркіндігін әлеуметтіктен тыс қарастырмайды, тек соның ішінде ғана еркіндікке ие болады. Ендеше ол әлеуметтілік басқаша түрде болуы қажет, ол әлеуметтілікте қожайын мен құлға орын болмауы тиіс.

Бірақ бұдан сұрақ туындайды: айналасында үстемдік пен құлдық атмосферасы болғанына қарамастан, адам еркін бола алатын осындай әлеуметтілікті қалай және қайдан табуға болады? Біз бұған жауапты сыртқы және ішкі еркіндікті ажырату арқылы бағамдауға ұмтылыстар жасадық. Сыртқы еркіндік – бұл адамның өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерінің шекараларын белгілейтін әлеуметтік белгіленген нормалар мен шектеулер, тыйымдар мен нұсқаулар, ол қандай формада және мазмұнда болса да (нақты еркіндіктен озбырлыққа дейін, тіпті адамзатқа қарсы ниеттерге дейін) бәрібір. Ішкі еркіндік – бұл адамның *рухани* байлығы. Ішкі еркіндікті (ең алдымен адамның өзі), қамтамасыз етсе, ал сыртқы еркіндікті (қоғам, мемлекет, партия, клан және т.б.) қамтамасыз етеді. Тұлға – бұл ішкі еркіндігі барынша дамыған адам. Мысалы, ежелгі Грекиядағы құл Эзоп немесе ежелгі Римдегі құл Эпиктет өздерінің қожайындары құл иеленушілеріне қарағанда іштей еркін адамдар болды.



### Шығармашылық – өмірдің мәні

Жеке тұлғада толық көрінетін адамның жоғарыда аталған атрибуттарының келесі бірі – шығармашылық. Г.С. Батищев адамның болмысының үш деңгейін анықтады (санау төменнен жоғарыға қарай жүреді): іс-әрекетке дейінгі, іс-әрекеттік, іс-әрекеттіктен жоғары. Оның ойынша шығармашылық үшінші деңгейге тән. «Әрине, – деп жазады ол, шығармашылық – бұл әрекет, жасампаздық әрекет. Бірақ іс-әрекетке айналмас бұрын және оған айналу үшін шығармашылық алдымен субъектінің әлемге және өзіне деген іс-әрекетінен жоғары ерекше қатынас түрі, құдіретті болу үшін барлық шындыққа басқаша қатынаста болуы керек» [12, 613 б.]. Шығармашылық әрекетте, барлық заттық іс-әрекеттердегідей, заттануға баса назар аударылады, ал нақты шығармашылықта ол затсызданады. Біздің ойымызша, руханилық деп діндарлықты ғана емес, тек моральдан ғана айырмашылығы бар жоғары адамгершілік деп те түсіну керек. Олардың арасындағы айырмашылық мынада: «адамгершілік трансцендентті шексіз жаратылыс ретіндегі адамның әлеуетті әмбебаптығымен байланысты, сондықтан оның ұстанымдары шүбәсіз, сөзсіз және жалпыға ортақ.

Мораль адамның белгілі бір әлеуметтік топтың мүшесі сонымен қатар солардың болмысымен шектелгендіктен және нормалар мен ережелердің түпкілікті жүйесін білдіреді. Бұл осы әлеуметтік ағзаны сақтауға бейімделген адамгершілік, «ескертулі», шектеулі адамгершілік. Ол жалпыадамзаттық емес, әрқашан топтық (сословиелік, таптық, ұлттық және т. б.) [13, 78 б.]. Көптеген адамдар (оның ішінде ғалымдар мен философтар) дінге үміт артады. Бірақ біздің планетамызда бірде-бір біртұтас дін жоқ.

Діннің ғылымнан, философиядан және өнерден айырмашылығы ол ешқашан полифониялық бүтіндік болған емес. Адамзат тарихында және қазіргі кезеңде әрқайсысы томаға тұйық көптеген нақты діндер өмір сүруде. Діндердің осы алуан түрлілігі туралы Маркс өте дәл атап көрсетеді: «әр дін өзінің ерекше мәнімен басқалардан, ойдан шығарылған діндерден – өзгешеміз деп санайды, дәл осы анықталғандығымен шынайы дін болып саналады» [14, 10 б.]. Әрбір нақты дін өзін Дін ретінде құрмет тұтады. Сондықтан дінді діннің ішінен анықтау дегеніміз – оны белгілі бір нақты діннің ішінен анықтау, өткендегі және қазіргі кездегі барлық басқа нақты діндерден квази-діндер ретінде абстракциялау. Белгілі бір діннің негізінде бола отырып, діннің жалпыға бірдей тұжырымдамасын жасау мүлдем мүмкін емес. «Нақ осылай діннің жалпы принциптерін оның жағымды мазмұнынан және белгілі бір түрінен ажырату, діннің жалпы принциптеріне қайшы келеді...» [14, 10 б.] Көбінесе *Діннің* орнына жалпы зерттеушінің анағұрлым мойындаған немесе оған белгілі кез келген бір нақты дінді ойланбастаналмастыру болар еді.

Танымал діни адам Далай-лама XIV дін көптеген адамдар жүктейтін міндетті орындай алмайтындығы туралы жазады. Ол: «Мен – діндар адаммын, бірақ тек дін ғана біздің барлық мәселелеріміздің шешімі бола алмайды», – дейді [15, 13 б.]. Сондай-ақ, ол біздің планетамыздағы соңғы жарты ғасырдағы діни жағдай, жақсылықтардан үміт етуді қалайтыны туралы жазбайды. Г. С. Померанц бұл туралы былай деп жазады: «Бір кездері тайпа шегінен асып кеткен ұлы әлемдік діндер үлкен аймақтардың рухани интеграциясына алып келді, әрқайсысы бүтін әлемді, христиан әлемі, ислам әлемі және т. б. жасады, бірақ бүгінде олар екі жақты рөл атқарады: азды-көпті бір аймақтың халықтарын жақындастырды және жаһандық ауқымда христиандық, ислам, индуизм, буддизм өздері жаңа тайпаларға айналды. Әлем ежелгі аймақтардан шығып кетті, әлем біртұтас болды, ал діни мәдениеттер әр түрлі күйде қалды және олар бір ақпараттық кеңістікте бір-бірімен соқтығысады» [16, 450 б.]. Далай-лама XIV осыған байланысты: «Бізге бүгін дінді қолдауға жүгінбейтін және дінге сенетін немесе дінге жүгінбейтін адамдар бірдей қабылдауы мүмкін шешім қажет: бұл зайырлы этика [15, 11 б.]. Біз бұған келісуіміз керек деп ойлаймыз.

Адамның толықтығы мәселесіне қайта оралайық. Адам қазіргі жағдайда жеке тұлға ретінде (және бұл жағдай тарихи түрде өзгеріп отырса да, алғашқы қауымдық қоғамның ыдырауынан бері сол күйінде қалады) толық емес деп айта аламыз. Ол біртұтас болуы мүмкін және болады, бірақ толық емес. Тұтастық – бұл атрибуттардың ішкі үйлесімі ғана емес, сонымен бірге адамның әлемге және басқа субъектілерге ашықтығы. Толықтық дегеніміз – адамның жабылуы, оның (саналы немесе бейсаналы) әлемнен және басқа субъектілерден оқшаулануы. Бұл өз-өзіне тұмшалану. Көбінесе дара адамдар, әсіресе жамандары толық бола алмайды. Индивидуалдылық өзі негізделген ғажайып нәрсені дамытады және нәтижесінде оның ғажайыптығына септігін тигізбейтін көптеген нәрселерді дамусыз қалдырады. Тек адам тұлға ретінде ғана бөлшектенбейді. Маркстің байыптауында: «тұлға, ол қандай шекараға қойылса да, әрқашан бүтіндік ретінде болады» [17, 124 б.]. Тұлғаның индивид пен индивидуалдылықтан айырмашылығы қазіргі жағдайда ойнауға мәжбүр болған әлеуметтік рөлге бағынбайтын, бірақ бұл рөлде ойнауда рөлден жоғары тұру, одан алшақтай тұрып оны орындау қабілетіне ие болуында.

Бірақ бұл, әрине, ең дұрысы. Қазіргі адамзат, Маркстің «адамзат қоғамының тарихы» деп атаған тарихи кезеңде өмір сүруде. Мұндай жағдайларда адам болмысының барлық аспектілері мен деңгейлерінде адамға өзінің тұлғалығын сақтау, басқаша айтқанда, толық тұлға болу өте қиын. Адам кейбір аспектілері немесе деңгейлері бойынша өзін нағыз тұлға ретінде, ал кейбіреулері бойынша тек индивидуалдылық ретінде (бұл тек он индивидуалдылық болуы маңызды), тіпті жай ғана индивид ретінде көреді. Адамның негізгі атрибуттары тұлғалық болмысының мәніне сәйкес келген жағдайда, адам нақ тұлға ретінде анықталады.



К. Маркстің пікірінше, іс-әрекеттің толыққанды мәнділігінің оралуы және сол арқылы адамның тұлғалық толықтығын қайтару, жаттанудың барлық түрін еңсеруге байланысты қоғамның түбегейлі өзгеруі жағдайында ғана мүмкін болады. Бұл әлеуметтік революция арқылы жүзеге асады, оны қарулы әрекет деп түсінудің қажеті жоқ. Өзінің мәні бойынша әлеуметтік революция – бұл қоғамның жана кезеңге өтуі, ол «ең алдымен және негізінен оны жасаушылардың *өзін-өзі тәрбиелеу* процесі [5, 270–271 б.]. Бірақ әзірге адамзат үшін бұл үлкен мәселе.

### **Қорытынды**

Мақалада адам іс-әрекетінің (және іс-әрекеттің нысаны ретінде еңбектің) әлеуметтік бөлінуіне байланысты бөлшектенетіні зерттеледі. Сондай-ақ, бұл бірінші кезекте адам – индивид, және адам – индивидуалдылық ретінде болатындығы ашып көрсетіледі. Тұлға бөлішектенбейді және әрқашан толық адам ретінде өмір сүреді. Бірақ Архаикадан қоғамның антагонистік түрлеріне өту нәтижесінде бастау алып, адамзат тарихының кезеңдерінде жалғасқан және индивид ретіндегі адам біртұтас бола алмайды. Әр адам біртұтас тұлғаға айналу тек жаттануды жеңу және жою арқылы мүмкін болады, оның болашағы әзірше өте күрделі.

Ал қазақ философиясындағы «толық адам» Абай ілімінде жүзеге асырылған. Абайдың «толық адамы» өзгеше қарастырылатын феномен. Қазіргі уақытта бұл мәселеге байланысты зерттеулер көбейіп келеді. Біз де ол тақырыпқа болашақта зейін қоюды жоспарлаймыз.

### **Әдебиеттер тізімі**

- 1 Маркс К. Экономическо-философские рукописи 1844 года // Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. – Изд. 2-е. – Т. 42. – М.: Политиздат, 1974. – С. 41 – 174.
- 2 Маркс К. Из неоконченной рукописи «Теорема Тейлора» // Маркс К. Математические рукописи. – М.: «Наука», 1968. – С. 205 – 209.
- 3 Фейербах Л. Сущность христианства // Фейербах Л. Сочинения. – В 2-х т. – Т. 2. – М.: Наука, 1995. – 5 – 320.
- 4 Маркс К. Тезисы о Фейербахе. (Текст 1845 года) // Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. – Изд. 2-е. – Т. 42. – М.: Политиздат, 1974. – С. 261 – 263.
- 5 Батищев Г.С. Деятельностная сущность человека как философский принцип // Батищев Г. С. Избранные произведения. – Алматы: ИФПР, 2015. – С. 191 – 275.
- 6 Маркс К. Энгельс Ф. Немецкая идеология. – М.: Политиздат, 1988. – 574 с.
- 7 Маркс К. Капитал. Критика политической экономии. Т. 1. – Кн. I. Процесс производства капитала // Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. – Изд. 2-е. – Т. 23. – М.: Политиздат, 1960. – 907 с.8.
- 8 Арсеньев А.С. Философские основания понимания личности. Цикл популярных лекций-очерков с приложениями. – Учебное пособие. – Для студентов высших учебных заведений. – М.: Изд. центр «Академия», 2001. – 592 с.
- 9 Бердяев Н. А. О рабстве и свободе человека. Опыт персоналистической философии // Бердяев Н.А. Царство Духа и царство Кесаря. – М.: «Республика», 1995. – С. 3 – 162.

10 Хамидов А.А. Личность и её атрибуты // Социальные процессы в современной Западной Сибири. – Сборник научных статей. – Горно-Алтайск: РИО Горно-Алтайского гос. ун-та, 2008. – С. 199 – 203.

11 Маркс К. Критика политической экономии. (Черновой набросок 1857 – 1858 годов). [Первая половина рукописи] // Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. – Изд. 2-е. – Т. 46. – Ч. I. – М.: Политиздат, 1968. – С. 49 – 538.

12 Батищев Г.С. Неисчерпанные возможности и границы применимости категории деятельности // Батищев Г.С. Избранные произведения. – Алматы: ИФПР, 2015. – С. 608 – 616.

13 Арсеньев А.С. Проблема цели в воспитании и образовании. Научное образование и нравственное воспитание / Философско-психологические проблемы развития образования. – М.: «Педагогика», 1981. – С. 73 – 90.

14 Маркс К. Заметки о новейшей прусской цензурной инструкции // Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. – Изд. 2-е. – Т. 1. – М.: Политиздат, 1955. – С. 3 – 27.

15 Далай-лама XIV (Тензин Гьяцо). Вне религии: этика для целого мира. Новосибирск: ООО «Изд-во Дже Цонкапа», 2013. – 155 с.

16 Померанц Г. Диалог культурных миров // Лики культуры. – Альманах. – Т. 1. – М.: Юрист, 1995. – С. 445 – 455.

17 Маркс К. Дебаты шестого рейнского ландтага. – Статья третья. – Дебаты по поводу закона о краже леса // Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. – Изд. 2-е. – Т. 1. – М.: Политиздат, 1955. – С. 119 – 160.

### *Transliteration*

1 Marks K. Ekonomicheskio-filosofskie rukopisi 1844 goda [Economic and Philosophical Manuscripts of 1844]. – Marks K., Engel's F. Sochineniya. – Izd. 2-e. – T. 42. – M.: Politizdat, 1974. – S. 41 – 174.

2 Marks K. Iz neokonchennoj rukopisi «Teorema Tejlora» [From the Unfinished Manuscript «Taylor's Theorem»]; – Marks K. Matematicheskie rukopisi. – M.: «Nauka», 1968. – S. 205–209.

3 Fejerbah L. Sushchnost' hristianstva [The Essence of Christianity]. – Fejerbah L. Sochineniya. – V 2-h t. – T. 2. – M.: Nauka, 1995. – 5–320.

4 Marks K. Tezisy o Fejerbe. (Tekst 1845 goda) [Theses on Feuerbach. (Text of 1845)]. – Marks K., Engel's F. Sochineniya. – Izd. 2-e. – T. 42. – M.: Politizdat, 1974. – S. 261–263.

5 Batishchev G.S. Deyatel'nostnaya sushchnost' cheloveka kak filosofskij princip [Human Activity Essence as a Philosophical Principle]. – Batishchev G.S. Izbrannye proizvedeniya. – Almaty: IFPR, 2015. – S. 191–275.

6 Marks K., Engel's F. Nemeckaya ideologiya [German Ideology] – M.: Politizdat, 1988. – 574 s.

7 Marks K. Kapital. Kritika politicheskoy ekonomii. T. 1. – Kn. I. Process proizvodstva kapitala [Capital. Criticism of Political Economy. Vol. 1. – Book I. The Process of Capital Production]. – Marks K., Engel's F. Sochineniya. – Izd. 2-e. – T. 23. – M.: Politizdat, 1960. – 907 s.

8 Arsen'ev A.S. Filosofskie osnovaniya ponimaniya lichnosti. Cikl populyarnyh lekcij-ocherkov s prilozheniyami. – Uchebnoe posobie. – Dlya studentov vysshih uchebnyh zavedenij [Philosophical Foundations of the Understanding of Personality. A Series of Popular Lectures-Essays With Appendices. – Study Guide. – For Students of Higher Educational Institutions]. – M.: Izd. centr «Akademiya», 2001. – 592 s.

9 Berdyayev N.A. O rabstve i svobode cheloveka. Opyt personalisticheskoy filosofii [About Slavery and Human Freedom. The Experience of Personalistic Philosophy]. – Berdyayev N.A. Carstvo Duha i carstvo Kesarya. – M.: «Respublika», 1995. – S. 3–162.

10 Hamidov A.A. Lichnost' i eyo atributy // Social'nye processy v sovremennoj Zapadnoj Sibiri. – Sbornik nauchnyh statej [Personality and Its Attributes. Social Processes in Modern Western Siberia. – Collection of Scientific Articles]. – Gorno-Altajsk: RIO Gorno-Altajskogo gos.

un-ta, 2008. – S. 199–203.

11 Marks K. Kritika politicheskoy ekonomii. (Chernovoj nabrosok 1857 – 1858 godov). (Pervaya polovina rukopisi) [Criticism of Political Economy. (Rough sketch of 1857 – 1858). (First Half of the Manuscript)]. – Marks K., Engel's F. Sochineniya. – Izd. 2-e. – T. 46. – Ch. I. – M.: Politizdat, 1968. – S. 49–538.

12 Batishchev G.S. Neischerpannye vozmozhnosti i granicy primenimosti kategorii deyatel'nosti [Inexhaustible Possibilities and Limits of Applicability of the Category of Activity]. – Batishchev G. S. Izbrannye proizvedeniya. – Almaty: IFPR, 2015. – S. 608–616.

13 Arsen'ev A.S. Problema celi v vospitanii i obrazovanii. Nauchnoe obrazovanie i нравstvennoe vospitanie /Filosofsko-psihologicheskie problemy razvitiya obrazovaniya [The Problem of Purpose in Upbringing and Education. Scientific Education and Moral Education / Philosophical and Psychological Problems of Education Development]. – M.: «Pedagogika», 1981. – S. 73–90.

14 Marks K. Zametki o novejshej prusskoj cenzurnoj instrukcii [Notes on the Latest Prussian Censorship Instruction]. – Marks K., Engel's F. Sochineniya. – Izd. 2-e. – T. 1. – M.: Politizdat, 1955. – S. 3–27.

15 Dalaj-lama XIV (Tenzin G'yaco). Vne religii: etika dlya celogo mira. [Beyond Religion: Ethics for the Whole World]. – Novosibirsk: OOO «Izd-vo Dzhe Konkapa», 2013. – 155 s.

16 Pomeranc G. Dialog kul'turnyh mirov //Liki kul'tury. [Dialogue of cultural worlds //Faces of culture] – Al'manah. – T. 1. – M.: Yurist", 1995. – S. 445–455.

17 Marks K. Debaty shestogo reynskogo landtaga. – Stat'ya tret'ya. – Debaty po povodu zakona o krazhe lesa [Debates of the Sixth Rhine Landtag. – Article three. – Debate Over the Law on Forest Theft] – Marks K., Engel's F. Sochineniya. – Izd. 2-e. – T. 1. – M.: Politizdat, 1955. – S. 119–160.

**Сағиқызы А., Қоңырбаева К.М., Оралбек Қ.**  
**Проблема целостного человека**

**Аннотация.** Статья посвящена проблеме целостного бытия человека. Целостный человек противопоставляется частичному человеку. Разъясняется, что такой человек появляется в результате социального разделения предметной деятельности, приводящего к утрате человеком полноты атрибутов человеческой сущности. В бытии человека выделяются три основных типа – индивид, индивидуальность и личность. Каждый из них на чём-то основывается. Индивид своим основанием имеет абстрактную всеобщность, вследствие чего он мало чем отличается от других индивидов и фигурирует как все. Человек как индивидуальность, напротив, основывается на абстрактной единичности, доходящей до уникальности, которая может проявляться в чём угодно. Вследствие чего индивидуальность может быть как положительной, так и отрицательной. Человек как личность своим основанием имеет конкретную особенность как синтез абстрактной всеобщности и абстрактной единичности; но в нём от индивидуальности входит только её положительное содержание. Личность всегда существует как целостность; не бывает частичной личности. Вместе с тем в тот период человеческой истории, который начался после разложения первобытного строя и продолжается также и в нынешнее время, человек как личность содержит в себе в синтезе лишь ведущие атрибуты человека. Превращение же каждого человека в тотально целостную личность возможно лишь вследствие преодоления и устранения отчуждения, перспективы чего покамест крайне проблематичны.

**Ключевые слова:** целостный человек, частичный человек, индивид, индивидуальность, личность, деятельность, разделение деятельности, отчуждение, социальная роль, этика, религия, свобода.

***Sagikyzy A., Konyrbayeva K., Oralbek K.***  
**The Problem of the Whole Man**

**Abstract.** The article is devoted to the problem of integral being of a person. The whole man is opposed to the partial man. It is explained that such a person appears as a result of the social division of objective activity, leading to the loss of the fullness of the attributes of human essence by a person. There are three main types of human existence – individual, individuality and personality. Each of them is based on something. The individual has an abstract universality as its basis, as a result of which he differs little from other individuals and figures like everyone else. Man as an individuality, on the contrary, is based on abstract singularity, reaching the uniqueness, which can manifest itself in anything. As a result, individuality can be both positive and negative. A person as a personality has a specific feature as a synthesis of abstract universality and abstract individuality; but in it only its positive content enters from individuality. Personality always exists as a whole; there is no partial personality. At the same time, in that period of human history, which began after the disintegration of the primitive system and continues also at the present time, man as a person contains in himself in synthesis only the leading attributes of man. The transformation of each person into a totally integral personality is possible only as a result of overcoming and eliminating alienation, the prospects for which are currently extremely problematic.

**Key words:** integral person, partial person, individual, individuality, personality, activity, division of activity, alienation, social role, ethics, religion, freedom.